

Ж. Сланова

Суретші тұлғасын дамытудағы академиялық пәндерден өзіндік жұмыстың маңыздылығы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 070

Андатпа. Жоғары оқу орнындағы жекелендіру оқу технологиясы арқылы тиімді түрде жүзеге асатын оқуды ұйымдастырудың негізгі формасы - өзіндік жұмыс мәселелері көтеріледі. Студенттердің өзіндік жұмысы идеясының тарихи дамуы және қазіргі кезде жоғары оқу орындарында оны тиімді пайдалану жолдарының бөлек қырлары көрсетіледі. Арнайы жоғары оқу орындарында негізгі пәндерден студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру оқу мен шығармашылық ісінде белсенділігін арттырудағы маңыздылығы ашылады.

Академиялық сурет. Психология. Философия.

«Сурет - кез келген бейнелеу өнерінің қайнар бұлағы, жаны, кез келген ғылымның түп тамыры болып табылады. Оны меңгеріп, кере-меттей нәтижеге қол жеткізгенге, мен, ол адам аса бағалы қазынаның иесі, деп айта аламын» (Микеланджело) [1].

«Қандай да болсын бейінді суретшілер үшін кәсіби білім беру жүйесінің негізі «Академиялық сурет» пәні болып табылады» [2].

Қазіргі заманда студентті жоғары сапалы маман ретінде әзірлеу өзекті мәселе болып келеді. Осыған байланысты, Қазақстан Рес-публикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдар-ламасында келтірілген ұстанымдарды қарас-тырғанымыз жөн:

Қазақстандық білім беруді жаңғыртуды жалғастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағ-дарламасы (бұдан кейін - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық негізі болуы тиіс.

Бағдарлама білім беру жүйесіндегі мем-лекеттік саясаттың ұйымдастырушы негізі ретінде білім берудің, басқару жүйесінің, білім беру қызметі субъектілерінің құқықтық-ұйымдастырушылық формаларының және экономикалық-қаржылық механизмдерінің құ-рылымындағы, мазмұны мен технологияларын-дағы өзгерістерді құрайтын ресурстары мен мерзімі бойынша бір-бірімен байланыстағы ша-ралар кешені болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет басшылығының адам капиталын дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігін және білім беру жүйесін реформалауды бастау мен жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде білім беруді прогрессивті дамыту мен модерни-зациялау мүмкін болып отыр.

Білім беру ұзақ мерзімді «Қазақстан - 2030» Стратегиясының негізгі приоритеттерінің бірі болып отыр. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Қазақстан Президенті әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына республиканы кіргізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамыту маңызды рөл атқарады.

Жеке тұлғаның дамуының, мәдениаралық алмасулардың, пікірін еркін білдірудің, жаңа-шыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда қолайлы орта қалыптасқан. Бұл, өз кезегінде, жас ұлттың талаптары мен қызығушылығына ба-рынша жауап беретін білім берудің прогрессивті жүйесін қалыптастырумен анықталады. Осы-лайша, Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде білім беру негізгі рөл атқарады.

Республикадағы орта білім берудің сапа-сы мен тиімділігіне кері әсер ететін факторлар - ескірген әдістемелік білім беру мазмұнын таңдау үрдісі, оқуға деген ынтаны төмендететін және оқушылардың денсаулығын нашарлататын ақпараттың шамадан тыс болуы, тұлғаның да-муына емес үстірт нәтижелер алуға бағытталу, оқу жетістіктерін бағалаудың ескірген жүйесінің сақталуы болып табылады [3].

Осылай, оқытушы алдында, студентті өзінің теориялық немесе практикалық жағынан бол-сын, көздеген нысанасына жетудегі қиын-шылықтарды шешу үшін, шығармашылық жол-дарын табуға ынталандыру мақсаты туындап тұр. Оқытудың және тәрбиелік іс-әрекет ұйым-дастырудың жаңа әдістері, студенттерге педа-гогикалық әсер етуін оңтайландыру, еңбекке шығармашылықпен қарау, студенттердің ойлау қабілетін дербестікке және

шығармашылыққа белсендіру, тұлға ретінде дамыту талаптары алдыңғы қатарға шықты.

Оқу іс-әрекеті барысында ескірген әдіс-тәсілдерді қолдану, бүгінгі таңда өз актуальдігін жойды.

Өзіндік жұмыстың студенттің кәсіби ма-ман ретінде қалыптасуындағы әсері, бұл білім жүйесі бөлімінің көп қызметтілігімен анық-талады және оқытудың жекелендіруін, шығар-машылық қабілетін жетілдіруін, оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетімен себепте-летін педагогикалық процестің стратегиясын айқындайды.

Философияда жеке даралық, деп «жеке индивидтің мәнін көрсететін айрықша сапа мен ерекше қасиеттердің жиынтығын» түсінеді.

Психология барлық индивидтерге тән психикалық қасиеттермен қатар, жеке-типологиялық қасиеттерді зерттейді. Бұл - танымдық, қызулық, ерікті психикалық процестердің кез келген дәрежесінің зерттеуінде есеп-ке алынады. С.Л. Рубинштейн жеке адамның психикалық қасиеттерін есепке алумен бірге, жеке психикалық қасиеттердің өзі, жеке алғанда, оқу процесінің барысында дамытынын ескереді: «Психикалық қасиеттер - бастапқыдан беріліп қойған нақты шындық емес; олар адамның қыз-метінің процестерінде қалыптасып дамиды».

Педагогикалық көзқараста, жекелендіру -бұл өсіп келе жатқан адамның өзін басқалардан ерекшелігі мен айырмашылығын тануға; руха-ни көзі ашылу үшін өз әлсіздігі және өз күші, өмірдің меншікті мағынасының дербес таңдауы үшін себепші болатын құралдардың жүйесі.

«Жоғары оқу орнындағы жекелендіруді өте тиімді түрде жүзеге асыратын оқуды ұйымдастырудың негізгі формасы өзіндік жұмыс бо-лып табылады» [4].

«Өзіндік жұмыс бәрінен бұрын басқа оқу жұмыс түрлерінің міндеттерін аяқтайды. Адамның ешбірбілімі, егер деол өзініңқызметінің объектісіне айналмаса, қажетті нәтиже бере ал-майды», - дейді Петровский. (1, 129 б). Өзіндік жұмыс жасай білудің негізі, алғашқы дағдысы мектепте қалануы тиіс. Мектептен жаңа оқу орнына келген студент, өз бетімен жұмыс жа-сау қабілеттілігі төменділігінен, жұмыс жасау тәсілдерін білмегендігінен көп қиналады.

Олай болатын болса, ғылыми негіздегі ұйымдастырылған студенттердің өздік жұмысы мен студенттердің оқу-танымдық әрекеттерін басқару

жұмысы олардың саналы белсенділігін, жоғары оқу-кәсіби мотивациясын, оқу процесінің сапасын қамтамасыз етеді [5].

Студенттердің дайындық дәрежесін жетілдіруін анықтайтын қоғамдық сұраныс пен қазіргі кездегі студенттердің даярлығы арасындағы қарама-қайшылық басты орын алып тұр. Осы қайшылықтың іс жүзінде пай-да болуының өзі студенттерді дайындау прак-тикасында аса ірі проблема болып табылады. Бұл проблеманы шешудегі СӨЖ-дің атқаратын қызметі зор.

Өзіндік жұмыстың студенттің кәсіби маман ретінде қалыптасуындағы әсері, бұл білім жүйесі бөлімінің көп қызметтілігімен анықталады және оқытудың жекелендіруін, шығармашылық қабілетін жетілдіруін, оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетімен себептелетін педагогикалық процестің стратегиясын айқындайды. Студенттердің өзіндік жұмысының басты ерекшелігі, өзінің ашық түрде бейнеленген жекеленген сипатынан көрініс табады. Ол студенттің жеке ерекшеліктері мен жан-жақты іс-әрекетін түрлендіріп, біріктіру мен қатар оның ішкі және сыртқы факторлары болып та-былатын үздіксіз өзгеру мен дамуды қамтамасыз етеді. Оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша жүргізілетін шаралар барысында, оқушылардың жеке ерекшеліктерінің есепке алынуы әрбір оқушының потенциалдық мүмкіндіктерінің іске асырылуы үшін ұтымды шарттарды жасауға мүмкіндік береді. Жекелендіру жалпы есептер мен оқу мазмұны есептерін шешу нысанасымен ұжымдық оқу шеңберінде іске асады.

Оқушылардың жеке ерекшеліктерін есеп-ке алу мәселесі психология-педагогикалық ғылымдар үшін дәстүрлі болып келеді. Іс жүзінде практикалық оқыту үдерісі, негізінен оқуға қабілеттері орташа студенттерге бағдарланған, сол себепті, оқу барысында өз потенциалын асыра алу әр баланың қолынан келе бермейтін зат. Жекелендіріп оқыту - бағдарламалар анық-тайтын, оқу іс-әрекетінің деңгейі мен сту-денттердің шынайы мүмкіншіліктері арасын-дағы сәйкессіздікті жеңуге бағытталған. Сту-денттердің ерекшеліктерінің есепке алынуы кешенді сипатқа ие болады және оқытудың әрбір кезеңінде іске асырылады: мақсатты қабылдау кезінде, оқуды мотивациямен қамтамасыз ету-де, оқу мәселелерін шешуде, іс-әрекет жолдарын анықтау кезінде және тағы басқа. Тәрбие мен даму үдерістеріне байланысты ұйымдастыру жұмыстарының тиімділігін арттыру және бір жүйеге келтіру

мақсатында, жекелендірудің бөлек әдістерінің бірыңғай жүйеге интеграциялануы жүзеге асады. Студенттерді жаңа оқу материалын қабылдауға әзірлей отырып, оқытушы олардың дербес тәжірибесінен қандай білім мен хабар-мәліметтері қатыстырылуы қажет екендігін анықтайды.

Жекелендіру оқу материалын дифференциациялануын, орындау қиындығы және көлемі жағынан әртүлі тапсырмалар жүйесін әзірлеуін ұсынады. Оқу материалын жалпы (барлық оқушыларға арналған) және түрлендірілген (түрлі топтармен және бөлек студенттермен жұмыс істеуге арналған) деп бөліп көрсету орынды болады. Түрлендірілген материал және оның функциясы студенттің оқу іс-әрекеті бойынша алға қадам басуымен қатар өзгеріп тұрады: ол қосымша, көмекші және аралық бола алады. Жекелендірудің құралдары ретінде жеке және топтық тапсырмаларды қарастыруға болады. Әрбір тапсырма өзіне сәйкес іс-әрекет тәсілдерін бағамдайды, алайда олар шешілетін есепке әрдайым адекватты болмауы да мүмкін. Жекелендіру әрекеттер үлгісін көрсетуде, ашық көрсетуде іске асады. Кейін студенттер тапсырманы толығымен немесе жартылай өз бетімен орындайды. Студент алдында пайда болатын қиыншылықтарды оқытушы алдын ала болжауы керек және оларды жеңудің жолын көрсетіп, кеңес беруі қажет: бұрын талқыланып өткен материалды қайта оқып шығу, анықтама немерсе қосымша әдебиетке зер салып, ізденіс жасау және тағы сол сияқты. Оқытушы тапсырманы шағын бөлшектерге және кезеңдерге жиі бөледі.

Сонымен қатар студент үшін, әр келесі тапсырма тек қана алдыңғысы орындалу шартында ғана орындауға қол жетімді деңгейде болады. Мұндай тапсырмалар әлсіз студенттерге аудиторияның ұжымдық жұмысына жеңіл енуіне көмектеседі.

Кейбір студенттердің қабілеттері бүкіл курсқа қойылатын объективті тапсырыс деңгейінен жоғары болған жағдайларда, оқытушы жеке тапсырманың күрделілігін арттыра алады. Оқу тапсырмаларының күрделілігі, мазмұны мен іс-әрекет әдістері оқу формасының ұйымдасу формасын анықтайды: фронтальды, топтық және индивидуальды. Жалпы сынып (фронтальды) жұмыс түрі өзара алмасу, өзара байыту, эмоциялы «жұқтыру» мүмкіндігін жасау арқылы әр студенттің белсенділігін көтереді. Топтық жұмыс барысында оқытушы мен оқушы ара-сында жақынырақ байланысулар пайда болады,

эмоциялардың көрініс табуына, сұраныстардың ашылуына, қызығушылықтың дамуына жағдай жасалынады. Әрбір студентке мәлімет беру мазмұнының, әдістерінің түрлілігіне және көмек көрсетуге үлкен мүмкіндіктер береді. Оқу деңгейі мен бейімділігін есепке алу арқылы топ немесе курс студенттері бірнеше шағын топтарға бөлінеді. Барлық студенттер оқу тапсырмаларын зерттелетін тақырып аясында орындайды, бірақ жұмыс кезеңдері, іс-әрекет әдістері мен көмек беру мөлшері әртүрлі болады. Жекелеген жұмыс оқу тапсырмасының мазмұны мен қиындық дәрежесін, іс-әрекет әдістерін дифференциациялауға мүмкіндік береді. Іс-әрекеттің жеке стилінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды. Дербестік пен шығармашылықты қалыптастырушы көзі болып табылатын жекелендіру принципі студенттің өзіндік жұмысын дамытуда маңызы зор. Осын-дай қабілеттердің қалыптасқандығы нәтижесінде алынған ақпаратты қорытындылау, оны есте сақтаудың шығармашылық жолдарын іздестіру, кәсіби мәнділігі бар мағлұматтарды жинақтау және пайдалану іске асырылады.

Соңғы кезде, студенттердің өзіндік жұмысы жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде алатын орнына байланысты зерттеулердің саны едәуір өсіп кетті. Бар басылымдарда студенттердің түрлі сабақтардан өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуынан алдыңғы қатарлы тәжірибесі туралы ақпарат жалпылай жиналған.

Студенттердің өзіндік жұмысы дамуының бөлек кырларына сонау Ежелгі Грекияда және Қайта өрлеу заманының өзінде біршама назар аударылған болатын. Бұл мәселе Сократ, Платон, Ф. Рабле, М. Монтен, Я.А. Каменский, Леонардо да Винчи жұмыстарында көрініс тапқан.

XVIII - XIX ғғ. И. Гербарт, А. Дистер-вег, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, Л. Тэдд, Л. Пранг, Ж.-О.-Д. Энгр және Ресейлік А.И. Герцен, Н.Г. Чернышевский, А.А. Добролюбов, К.Д. Ушинский, К.П. Брюллов, П.П. Чистяков, А. К. Саврасов, И.Н. Крамской, В.Г. Перов, сияқты ғалымдар мен суретшілер осы проблема-ны шешу жұмысына үлесін қосқан.

XX ғасырда өзіндік оқу іс-әрекеті даму мәселесіне Д. Дьюи, Р. Кузине, С. Френэ, А.В. Чичерин, А.В. Луначарский, Н.К. Крупская, В.А. Сухомлинский, П.П. Блонский, С.Т. Шацкий, Д.Н. Кардовский, К.Ф. Юон деген ғалымдар аса көп назар бөлген.

Жоғары мектеп дидактикасында студенттің өзіндік жұмысын С.И. Архангельский, В.И. Загвязинский, И.Т. Огородников, Н.Д. Ни-кандров, В.А. Слостенин және басқа авторлар жұмыстарында қарастырған.

«Өзіндік жұмыс мәселесі бойынша біршама алыс және таяу шетел ғалымдары өз зерттеу жұмыстарының нысанасы еткен. Мәселен, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер, П.И. Пидкаси-стый, Л.В. Усова т.б. өзіндік жұмыс түрлері мен мазмұнын жан-жақты зерттеген.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін Г. Ахметова, Н. Асанов, А.К. Сады-кова, К.Л. Гончарова қарастырды.

Сонымен қоса, жоғары мектеп дидактика-сының тұрғысынан студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың мәнін ашуға А.Е. Абылқасымова, Н.А. Адельбаева, С.И. Архангельский, М.В. Буланова-Топоркова, М.Г. Га-рунов, И. И. Кобыляцкий, Р. А. Низамов еңбектері арналды.

«Өзіндік жұмысты оқу үдерісінде жүйелі түрде қолдану қажеттігі және жүйелік әдістің тиімділігі мен аспектілері У. Абдукаримова, В.К. Буряк, Т.Т. Галиев, Е.Я. Голант, К. Дүйсенбаев, Б.П. Есипов, Р.М. Микельсон, Е.С. Саб-лик, М. Н. Скаткин еңбектерінде негізделді.

Жоғары оқу орындарындағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруда туындайтын қарама-қайшылықтар және оны ұйымдастыру тиімділігінің төмендігі жайында О.А. Абдуллина, Н.Г. Бакрадзе, С.И. Архангельский еңбектерінде айтылады.

Педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелері В.К. Буряк, Е.Я. Голант, Б. П. Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е. С. Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үдерісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Л. И. Заякинаның пікірінше, ғылыми білімді игерудегі студенттің өзіндік жұмысы жоғары оқу орнының оқыту үдерісінің жетекші формасы болуы қажет, ал оны белсендіру, жүйелі түрде басқару және әдістемелік жағынан жетілдіру басты дидактикалық қағидалардың бірі болуы қажет, өйткені оны жүзеге асыру кәсіби даярлау сапасын арттыруға әсер етеді. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыдан ашуға А.Е. Абылқасымова, Н.А. Адель-баева, С.И. Архангельский, М.В. Буланова-Топоркова, М.Г.

Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.А. Низамов, П.И. Пидкасистый еңбектері ар-налды». [6].

Алайда студенттің арнайы пәндерді игеру-дегі өзіндік жұмысын ұйымдастыру теориялық және практикалық жағынан әлі де жеткілікті зерттелмеген сұрақ.

Арнайы пәндерден академиялық сабақтар студенттің біліктілігі мен білімділігін белгілі шамада арттырады. Бірақ бұл үлестің, оқыту үдерісінде студенттің өзіндік жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылғанда, әр қызмет түрінің өз орны нақты анықталып жүргізілетін кезде ғана мәнділігі ашылады.

Арнайы жоғарғы оқу орындарында негізгі пәндерден студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, оқу мен шығармашылық ісінде белсенділігін арттыруға арналған, ғылыми тұрғыдан дәлелденген, қаулылардың құрылуының айрықша маңыздылығына көз жеткізе аламыз.

Біздің замандасымыз, неміс ғалымы Д. Д. Роланд: «Пән бойынша жақсы білім деңгейі не-месе көп жылдық жұмыс болсын - еш қайсысы сәттіліктің кепілі емес. Ең маңыздысы -сабақтың әдістемелі түрде ұйымдастырылуы. Педагогикалық шеберліктің сынамалы тасы осында жатыр» деп сомдаған болатын.

Қазіргі кезде, барлық академиялық пән-дерден жүйеленген, бағытталған және жақсы ұйымдастырылған, студенттің өзіндік жұмысы үлкен мәнділікке бөленуі қажет. Сонымен қатар студенттің дайындық деңгейіне заманауи сұраныс сипаты суретші маманның кәсіби жетілдірілуінің жаңа жолдарын іздестіру қажет-тілігін анықтайды.

Әдебиеттер:

- 1 *Дажина В.Д.* Микеланджело. Рисунок в его творчестве. - М., 1986.
- 2 *Кравцов Д.В.* Академический рисунок как базовая основа профессиональной подготовки будущих художников традиционного прикладного искусства. - М., 1992.
- 3 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Алматы, 2011.
- 4 *Шунайлова С.А.* Индивидуализация самостоятельной работы студентов на основе уровня их информационной культуры. - М., 1996.

5 *Нигметжанова Г.К.* Студенттің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру // ҚАЕУ хабаршысы. - Алматы. №1 - 2008.

6 *Исмаилова Р.Б.* Өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. - Қазақстан Республикасы. - Түркістан, 2010.

В статье автор рассматривает проблемы самостоятельной работы студентов как формы организации обучения в высших учебных заведениях с помощью технологии индивидуализации обучения. Показано историческое развитие идеи самостоятельной работы студентов и отдельные аспекты её организации в высших учебных заведениях, значимость самостоятельной работы для активизации учебно-творческой деятельности студентов.

The problems of independent work as an organization form of education in higher educational institution with the help of individualization are raised. Historical development of ideas of students' independent work and separate aspects of advantage organizing it in higher educational institutions are shown. The importance of organizing students' independent work in special higher educational institutions for activation educational-creative activity is opened.

И. Тургунбаев

Безопасность жизнедеятельности на полиграфических предприятиях

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

УДК 002.2

Аннотация. Автор в своей статье рассматривает основы безопасности жизнедеятельности на полиграфических предприятиях. Детально разбираются санитарно-гигиенические требования к устройству и содержанию полиграфических предприятий, значения температуры, относительной влажности, скорости движения воздуха на рабочих местах, пожароопасность производства, анализируются травмоопасности технологического процесса, в таблице приводятся возможные травмы при выполнении операций технологического процесса.

Полиграфическое предприятие. Пожаровзрывоопасность веществ.

Санитарно-гигиеническое благоустройство и состояние территории полиграфического предприятия много значат в создании здоровых, безопасных условий труда и высокой культуры производства. Эти мероприятия играют также большую роль в защите населения от вредного воздействия производственных выбросов (газов, пара, пыли, сточных вод и т.д.), загрязняющих окружающую воздушную среду, почву и водоемы, а также с вредным воздействием шума и других неблагоприятных факторов [2].

Производственные здания предприятий, расположенные в промышленных зонах, допускается проектировать одноэтажными со сплошной застройкой, а здания предприятий, расположенных в пределах городской селитебной территории - многоэтажными. Объем производственных помещений и площадь на одного работающего должны составлять, соответственно, не менее 15 м³ и не менее 4,5 м².

Высота потолков выбирается в зависимости от характера технологического процесса. Для удаления избыточной теплоты, влаги и газов она должна быть не менее 3,0 м.

Необходимо изолировать или размещать в специальных помещениях производственные процессы, сопровождающиеся шумом, вибрацией, выделением пыли, вредных паров и газов. Также нельзя размещать конторские помещения и не вредные цеха и отделения над вредными.

Ширина основных проходов внутри цехов и отделений должна быть не менее 1,5 м, а ширина проездов - 2,5 м. Ширина ворот на путях внутрицехового транспорта должна на 600 мм превышать ширину транспортных средств, а высота - на 400-500 мм их высоту.

Двери и ворота, ведущие непосредственно во двор, следует оборудовать тамбурами или воздушными (тепловыми) завесами. Ширина